ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2024 жылғы 12 қыркүйек №7119-24-00-2/10798 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында: төрағалық етуші судья А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Жеке кәсіпкер «Жунисов» Жунисов Жусуп Темирбекович;
Жеке кәсіпкер «NK Group» Какимжанов Нурлан Омиртаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы; тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкерлер жеке кәсіпкер «Жунисов» Жунисов Жусуп Темирбекович, жеке кәсіпкер «NK Group» Какимжанов Нурлан Омиртаевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Жунисов» Жунисов Жусуп Темирбекович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 12.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.10.2024, судья Бакишев А. Б., 12.01.2025

Жеке кәсіпкер «NK Group» Какимжанов Нурлан Омиртаевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Жунисов» Жунисов Жусуп Темирбековичтен мемлекет кірісіне 50 615 (елу мың алты жүз он бес) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 3 364 (үш мың үш жүз алпыс төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «NK Group» Какимжанов Нурлан Омиртаевичтен мемлекет кірісіне 3 504 (үш мың бес жүз төрт) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 951 (бір мың тоғыз жүз елу бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 12.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.10.2024, судья Бакишев А. Б., 12.01.2025

7119-24-3-1/10157